


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,**
Н. Аитова (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,**
С. Жанжігітов

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Ә.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

арқылы аспанды сипаттауы – халқымыздың табиғатпен үйлесімін көрсететін құнды мұра. Бұл еңбектер бүгінгі ғылым мен білімге де үлкен үлес қосып, болашақ ұрпаққа бағыт-бағдар береді.

Әдебиеттер

1. Қайдаров Ә.Т. Тарихи лексикология және этнолингвистика // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы, 1988.
2. **Қайдар Ә.** Қазақтар Ана тілі әлемінде (Этнолингвистикалық сөздік). III том. Табиғат. – Алматы: Сардар Т, 2013. –612 б.
3. Оразалиева Ә.Н. Тілдік жады – этнотанымдық феномен, ұлағатты жадыгерлік ұғым (Ә. Қайдар еңбектері негізінде) [Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Филологические науки»](#)

Ф.Ж. Молдабай

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2-курс магистранты

Қазақстан, Астана қ.

farizaabilmazhin@mail.ru

«АҚИҚАТ СЫЙЫ» ДАСТАНЫНДАҒЫ СИНОНИМДЕР

Аннотация. В статье анализируется значения синонимов в поэме А. Югнаки «Подарок истин» анализируются сравнявая с помощью словарей и исследуется специфика употребления слова автором. Научные мнения и выводы обоснованы лингвистическими данными из поэмы, которые являются объектом исследования статьи.

Ключевые слова: синонимы, синонимия, синонимический ряд, значение, язык поэмы.

Annotation. The article analyzes the meanings of synonyms in A. Yugnaki's poem "The Gift of Truths", analyzes them using dictionaries and examines the specifics of the use of the word by the author. Scientific opinions and conclusions are justified by linguistic data from the poem, which are the object of the article's research.

Keywords: synonyms, synonymy, synonymic series, meaning, language of the poem.

Синонимдер – мағынасы бір-біріне жақын немесе ұқсас, бірақ дыбысталуы әртүрлі сөздер. Олар тілді түрлендіріп, ойды нақышты, мәнерлі жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі тіл білімінде синонимияның теориялық мәселелеріне және түрлі синонимиялық бірліктерді зерттеуге арналған жұмыстар өте көп. Тіл білімі ғылымында синонимияға берілген анықтамалар әртүрлі, бұл оның күрделі құбылыс екендігімен түсіндіріледі. Ғалымдар К.Аханов, Ә.Болғанбаев, Р.А.Будагов, А.П.Евгеньева, Ф.Ш.Оразбаева т.б. синонимдерді анықтаудың негізгі белгісі- олардың ұғымы деп санайды.

Қазақ тілінде синонимдерді арнайы зерттеген ғалым Ә.Болғанбаев «Синонимдер сөздердің жалпы мағыналық бірлестігіне қарай топтастырылады. Яғни бір ғана ақиқат шындықты көрсетіп, бір ғана ұғымды білдіретіндіктен олар синоним болып табылады», -деп анықтама беріп, синонимдердің екі түрлі қызметін атап көрсетеді. Біріншісі, синонимдер бірін-бірі алмастыруға бейім келеді, екіншісі, синоним сөздердің бірі екіншісін нақтылап отырады [1, 104].

Ал, Ф.Ш.Оразбаева «Синонимдер деп ұғымы бір-біріне өте жақын, бірақ тұлғасы жағынан басқа-басқа сөздерді айтамыз. Синонимдер болу үшін, ең алдымен бір ғана сөз табына қатысты болуы шарт. Синонимдер мағыналары жақын сөздер, дегенмен мағыналары тепе- тең болуы шарт деген түсінік тумауы керек» деген пікір білдіріп және мағынасы ұқсас сөздердің контексте бірін-бірі алмастыра алу қабілетін көмекші белгі деп санайды [2, 128].

Ғалым Ә. Болғанбаев синонимдерді қолданудың мынадай негізгі тәсілдерін атап көрсетеді:

1. Алдыңғы сөйлемде немесе қатар тұрған мәтінде бір рет пайдаланған сөзді қайталамас үшін қолданылады;

2. Белгілі бір ұғымды түрлі белгілерімен жан-жақты сипаттап көрсету үшін синонимдер бір-біріне қарсы қойылып та, салыстырылып та, ыңғайластырылып та кете береді;

3. Белгілі бір ұғымды толық қамтып көрсету мақсатымен, бірнеше синоним қатар қолданылады;

4. Синонимдерді жекелеп те, кезектестіріп те, жұптап та, топтап та қолданғанымыз сияқты оларды қосарлап та пайдаланамыз;

5. Мағыналас екі сөз қатар келіп алдыңғысы соңғысын анықтап, мағынасын күшейту үшін қолданылады;

6. Фразалық тіркестерде де жиі қолданылады;

7. Синонимдер жеке сөз бен жеке сөз, қос сөз бен қос сөз, фраза мен фраза күйінде ғана емес, бір-бірімен араласқан күйде де жұмсалады;

8. Парафраза – жеке сөздің орнына оның түсінігін сипаттап беру;

9. Мағынасы жағымсыз сөздерді тыңдаушыға жеңілдетіп, жұмсартып жеткізу үшін қолданылады [3, 111].

Тілдегі синонимдер үш түрге бөлінеді:

1. *Мағыналық синонимдер* әрқайсысының өзіне тән мағыналық реңкі бар, стильдік жағынан шектелмейтін, тілдегі барлық салада талғаусыз қолданылатын синонимдер;

2. *Стильдік синонимдер* мағынасы жағынан ұқсас болса да, стильдік жағынан бір-бірінен өзгешеленетін синонимдер;

3. *Мағыналық-стильдік синонимдер* әрі мағыналық, әрі стильдік белгілер арқылы ерекшеленетін синонимдер [3, 105].

Қазақ тілінде сөзді қайталау мен қосарлау тәсілі — өзінше ерекшелігі мол құнарлы жүйе. Ахмет Йүгінеки синоним сөздерді асқан шеберлікпен қолданып, синонимдер арқылы дастан мазмұнын ерекше аша түседі. Әсіресе, синоним сөздерді қосарлап қолданған тұстарында өлең ұйқасына еш нұсқан келтірмеген. Оның сөз қолданысындағы дыбыс әуезділігінде тек өзіндік шеберлігі танылады.

Бір сөздің мағынасын асыра көрсету үшін, мән-мағынасын әсерлендіре түсу үшін екі мағыналас сөзді қатар қолданады. «Ақиқат сыйы» дастанында кездесетін **мағыналық** синонимдер:

47. Ол ол ‘ақыл үкүш һош хирадқа мақан

Ол – ақылдың, сана-сезімнің, парасаттың қоймасы [4, 10].

Берілген синонимдердің сөздіктердегі мағынасына назар аударсақ:

UQUŞ – разум, разумение, проицательность [5, 650].

һош – сознание – сана, түсінік [4, 165].

Хирад – ум, разум – ақыл [4, 160].

Автор ақыл сөзін қайталамас үшін, сана-сезім, парасат деген синонимдік қатардағы сөздерді қолданған.

63. Йана мажд мурувват футувват ұған

Тағы да ұлылық, қайырымдылық, кеңпейілділік [4, 10].

Синонимдердің сөздіктердегі мағынасы былай берілген:

Мажд – величие, благородство [4, 150].

Мурувват – доблесть, великодушие, человечность [4, 151].

Футувват – благородство [4, 158].

Ахмет Йүгінеки дастанда Дад Ыспаһсалар Бекті мадақтап, оған тән қасиеттерді мына синонимдік қатармен көрсетеді: ұлылық, қайырымдылық, кеңпейілділік.

125. Билиглиг сөзи панд насихат адаб

Білімдінің сөзі үгіт, насихат, үлгі-өнеге [4, 14].

Үзіндідегі синонимдердің сөздіктердегі мағынасы:

Панд – совет, наставление [4, 152].

Насихат – наставление, совет [4, 152].

ADAB – учтивость, благовоспитанность [5, 8].

Берілген үзіндіде автор білімдінің сөзін үгіт, насихат, үлгі-өнеге синонимдік қатарымен толықтырады.

339. Йалынланса тұтишүп, азаб кин оты

Ашу, кек оты тұтанып жалындаса [4, 27].

AZAB – мука, страдание [5, 77].

Кин – злоба, злость, враждебность [4, 148].

Автор әдеттегідей өзара мәндес сөздер арқылы ойын оқырманға түсінікті етіп жеткізуді немесе дәл сол тұсқа оқырман назарын аударуды көздейді. Бұл оның сөз қайталамау мақсатында, бір сөзді неше қайтара қайталаудан бой тартуының, ойын әсерлі де көркем етіп жеткізуіне себін тигізген. Автор шығармасында қолданылған синоним сөздердің барлығы да осы мақсатта қолданылған.

Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастанында екі сөзден тұратын синонимдер жиі кездеседі: ақыл-ой (уқуш нош), абырой-атақ (шараф жаһ), уайым-қайғы (сақынч), зәбір-жапа (жафа), зорлық-зомбылық (емгак), реніш-қайғы (ранж).

258. Ахилық шараф жаһ жамал арттырур

Жомарттық абырой-атағыңды, ажар-көркінді арттырады.

Шараф – почет, почести, слава [4, 162].

Жаһ – величие, достоинство [4, 145].

Жамал – красота [4, 144].

Автор жомарттықты биікке көтеріп, адамзат бойындағы барша абырой-атақты, ажар-көркін арттыратын қасиет ретінде кеңейтіп тұр.

Ахмет Йүгінеки синонимдерді **қосарлап, қабаттап**, қос сөзге айналдырып қолданған:

5. Жұмат жануар үчган йүгүрган нән-а

Жанды-жансыз, ұшқан-жүгірген нәрселер [4, 7].

Уч – летать [4, 134].

Йүгүр – бежать [4, 103].

Демек, автор ұшқан-жүгірген деп барша тіршілік атаулыны айтып тұр.

Бұндай синонимдерді Р. Сыздық авторлық орфограммалық немесе графикалық қос сөздер деп таниды.

«Ақиқат сыйы» дастанында **контекстік, стильдік** синонимдер де кездеседі:

78. Бақығлы оқуғлы асығ алсу деп

Көруші, оқушыға пайдасы болсын деп [4, 11].

BAQ – внимательно смотреть, обозревать, разгадывать [5, 88]. Бақуғлы – көруші.

Оқуғлы – читатель [4, 117].

Автор қолданысындағы көруші, оқушы сөздері барша адамзат, барша оқырман, тыңдарман халық деген мағынаны білдіреді.

135. Сөзүң бошлұғ етма йыға тұт тилиң

Беталды сөйлей берме, тіліңді тый [4, 15].

Бошлұғ – бездеятельный, праздный [4, 91].

Йығ – 1. Сдерживать, удерживать; 2. Собирать [4, 104].

Үзіндіден көріп отырғанымыздай, автор дұшпанның бірі – тіл, аңдамай сөйлесең, ауырмай өлесің деген мақсатта «беталды сөйлей берме», «тіліңді тый» синонимдік сөйлемдерді пайдаланған.

165. Көни бол көнилик қыл атан көни

Шыншыл бол, туралық ет, әділ атан [4, 16].

Көни -1. Верный, правдивый, истинный; 2. Справедливость.

Көнилик – правдивость, праведность тый [4, 108].

Автор адалдықты жоғары көтеріп, әр адамды шыншыл болуға шақырады.

Қорытындылай келе, дастанда қолданылған синоним сөздер автордың тіл байлығын көрсетіп, оның көркем сөздің көсемі екендігін дәлелдейді. Ахмет Йүгінеки қолданған синоним сөздердің барлығы шығарманың тақырыптық-идеялық негізінің ашылуына, көркемдік дәрежесінің одан әрі сапалана түсуіне жәрдем еткен.

Әдебиеттер

1. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. Алматы, 1970.- 336 б.
2. Оразбаева Ф.Ш. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдер. Алматы: Мектеп, 1988. - 128 б.
3. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы: Оқулық. – Алматы: «Сөздік – словарь» баспасы, 2006. – 264 бет.
4. Сағындықұлы Б. "Ғибат-ул хақайиқ" - XII ғасыр ескерткіші: оқу құралы. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2002.
5. Древнетюркский словарь. Международная Тюркская Академия. – Астана: «Ғылым» баспасы, 2016.

Г.А. Наушабекова

«Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі Қараөткел ауылының мектеп-гимназиясы» КММ мұғалімі, Қазақстан, Қараөткел а.

АКАДЕМИК ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАР ТІЛ БІЛІМІНІҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ, ТҮРКІТАНУШЫ ҒАЛЫМ

Аннотация. Абдуали Туганбайұлы Кайдар (1924-2019) – выдающийся специалист по знанию казахского языка, известный тюрколог, академик Национальной академии наук Республики Казахстан, учёный, посвятивший более полувека своей сознательной жизни в область языкознания.

Реальный вклад и заслуги ученого в общую науку тюркологии, в том числе казахского языкознания и уйгуроведения в частности, огромны. Ученый опубликовал около 500 больших и малых исследований (всего более 1000 книг), монографий, сборников, учебников и книг для школ и вузов, издал в виде отдельных книг более 50. Ученый «Какая нация казахи?» (2008). В результате многолетних исследований были изданы трехтомники «Человек», «Общество», «Природа») и «Двойные слова в казахском языке» (исследование и словарь) под названием «Казахи в родном мире». В этих работах этнокультурная, этносоциальная, этнопсихологическая природа казахского народа может быть осознана и познана посредством лингвистических знаний.

Приводятся сведения о научных работах академика, вкладе в науку

Ключевые слова: репортер-ученый, языкознание, этнокультура, языкознание Казахстана, статьи, тюркология

Abstract. Abduali Tuganbayuly Kaidar (1924-2019) is an outstanding specialist in the knowledge of the Kazakh language, a famous Turkologist, academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, a scientist who devoted more than half a century of his conscious life to the field of linguistics. The real contribution and merits of the scientist to the general science of Turkology, including Kazakh linguistics and Uyghur studies in particular, are enormous. The scientist published about 500 large and small studies (more than 1000 books in total), monographs, collections, textbooks and books for schools and universities, published more than 50 as separate books. The scientist "What nation are the Kazakhs?" (2008). As a result of many years of research, three-volume works "Man", "Society", "Nature") and "Double words in the Kazakh language" (research and dictionary) were published under the title "Kazakhs in their native world". In these works, the ethnocultural, ethnosocial, ethnopsychological nature of the Kazakh people can be realized and understood through linguistic knowledge. Information is provided about the academician's scientific works and contribution to science.

Key words: reporter-scientist, linguistics, ethnoculture, linguistics of Kazakhstan, articles, Turkology

Академик Әбдуәли Қайдар қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдерінің бірі. Ол Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, түркітанушы. Академик Әбдуәли Қайдар 1924 жылы Алматы облысы Еңбекші қазақ ауданы Талдыбұлақ ауылында дүниеге келген. Академик Әбдуәли Қайдардың балалық шағы Шелек, Түрген, Есік елді мекендерімен тығыз байланыста өтті. Бала кезде айналасында түрлі ұлт өкілдері болды. Жергілікті қазақтармен өзара ынтымақта ғұмыр кешіп жатқан ұйғыр, орыс, татар, түрік, шешен, неміс, қарашай және т.б. халықтарының әдет-ғұрпынан, өнегелі салт-санасынан тәлім алып, сол тәлімді бойына молынан сіңірді. Кейінен тіл білімін зерттеуге де, ұйғыр тіліне қызығушылығын тудырса керек. Мектепті аяқтаған соң Соғыс өртінің тұтануына орай үзіліп қалған мектептегі оқуын 1946 жылы ғана аяқтады. Мектептен соң жоғары оқу орнына түсті. Он жеті жасында соғысқа ерікті түрде аттанып, отқа орана жүріп әскери орден мен көптеген марапаттарға ие болса, ерлікпен шайқасқанның дәлелі болса керек. Соғыс аяқталғаннан соң бір жылдан кейін ғана еліне оралған ағамыз, 1947ж Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Осылай бейбітшілік орнағанда шығармашылықпен оқу, білім, ғылымға деген ізденісі арта түсті. Студенттік кезеңнен қазақ